

ОӘЖ 340.130.53

Қаражанов Малик Дулатұлы

құқық бойынша философия докторы (PhD), Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ., Қазақстан
e-mail: Karazhanov_1982@mail.ru

«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК» ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ӘСЕРІ

Ғылыми мақалада «экологиялық қауіпсіздік» ұғымының қалыптасуына Қазақстан Республикасының Конституциясының әсері және оның ғылыми толық ұғым ретінде қалыптасуына ықпал ететін басқа да табиғи ортаны қорғаудың құқықтық актілері талданған. Автор «экологиялық қауіпсіздік» ұғымының жаңа мәтінін ұсынады, экологиялық қауіпсіздік объектілерінің түрлерін айқындайды, «экологиялық қауіпсіздік» ұғымының негізгі тұжырымдамаларын ұсынады.

Түйін сөздер: экологиялық қауіпсіздік, экологиялық қауіпсіздік объектілері, экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының Конституциясы.

В научной статье проанализированы не только конституционные нормы формирующие понятие «экологическая безопасность», но и другие правовые акты напрямую регулирующие охрану природной среды. Автором предлагается новая редакция понятия «экологическая безопасность», выделены виды объектов экологической безопасности, предложены основные концепции понятия «экологическая безопасность».

Ключевые слова: экологическая безопасность, объекты экологической безопасности, концепция экологической безопасности, Конституция Республики Казахстан.

The scientific article analyzes not only constitutional norms forming the concept of “environmental safety”, but also other legal acts directly regulating the protection of the environment. The author proposes a new edition of the concept of “environmental safety”, identifies types of objects of environmental safety, proposes the basic concepts of the concept of “environmental safety”.

Key words: environmental safety, objects of environmental safety, concept of environmental safety, Constitution of the Republic of Kazakhstan.

Экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ол қоршаған орта мен табиғат ресурстарын үнемді және сапалы сақтауға жағдай туғызады. Тек осындай заңда белгіленген күйде оны пайдалану тәуелсіз Қазақстанның 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Конституциясының 31-бабының 1-тармағындағы: «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды» деген норманы сақтауға мүмкін болады [1]. Ал қоғам мүшелері - азаматтар ҚР Конституциясының 38-бабында көзделген: «Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті» деген норманы орындауға тиіс [1].

Осы Ата Заңымызда көзделген норманы орындау мақсатында 2012 жылдың 14 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында аса назар бөліп: «Біз экологиялық баса назар аудара отырып,

ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құруға тиіспіз. Нәтижесінде мен агроөнеркәсіптік кешеннің алдына – экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық ойыншы болу міндетін қоямын. 2025 жылға қарай біз өз нарығымызды жаңа экологиялық стандарттарына сай жанар-жағармай материалдармен толықтай қамтамасыз етуге тиіспіз. Барлық өндіруші кәсіпорындар тек экологиялық зиянсыз өндірісті енгізуге тиіс» [5], - деп көрсетті.

Қазақстанның тұрақты дамуы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мүмкін емес, ол ретінде қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлер салдарынан туындайтын қауіп-қатерлерден адамның және азаматтың өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтарының, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі болып табылады [2].

Ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде экологиялық қауіпсіздік тұрақты дамудың міндетті шарты болып табылады және табиғи жүйелерді сақтаудың және қоршаған ортаның тиісті сапасын қолдаудың негізі болады [3, 44 б.].

Экологиялық қауіпсіздік жай-күйін сақтау мақсатында «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы № 1241 Жарлығымен бекітілген еді. Онда экологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты табиғи жүйелердің, қоғамның өмірлік маңызды мүдделері мен жеке тұлға құқығының қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлердің нәтижесінде туындайтын қатерлерден қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады, - деп көзделген [4].

Қазақстан аумақтарының экономикалық және әлеуметтік жағдайында елеулі айырмашылықтар орын алып келеді. Халықтың денсаулығы мен демографиялық жағдайы, олардың құқықтық, экономикалық және экологиялық сауатсыздығы мәселелері орын алып келеді [5].

Осы кедергілерді жою Қазақстан Республикасының тұрақты даму жолына шығу кезінде негізгі мақсат болуы қажет. Заң ғылымдарының докторы С.Д. Бекишеваның пікірі бойынша экологиялық тұрақтылық тұрақты дамуға көшуде басты бағыттардың бірі болып табылады, - дейді [6, 126.].

Қазақстан Республикасында алғашқы рет заңды түрде экологиялық қауіпсіздік ұғымы 1998 жылдың 26 маусымында қабылданған «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңында көзделген болатын. Заңның 1-бабының 12-тармағында экологиялық қауіпсіздік деп жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарының қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлер салдарынан туындайтын қауіп-қатерден қорғалуының жай-күйі [7]. Осы анықтаманың бірінші редакциясында «қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлер салдарынан» деген сипаттама болмаған кейін өзгертіліп енгізілген болатын, кейін ол 2007 жылдың 9 қаңтарында қабылданған ҚР Экологиялық кодексіне енген болатын [8], оған экологиялық қауіпсіздік ұғымы кірді.

Экологиялық қауіпсіздік ұғымының қазіргі күнгі анықтамасы заңды түрде «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңында берілген: «экологиялық қауіпсіздік – қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлер

салдарынан туындайтын қауіп-қатерлерден адамның және азаматтың өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтарының, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі болып табылады» [2].

Біздің пікіріміз бойынша экологиялық қауіпсіздік ұғымы Қазақстан Республикасы күшіндегі заңнамада толық емес, ол өзінің әлеуметтік қажеттілігін қанағаттандырмайды.

Экологиялық қауіпсіздік ұғымының қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлер салдарынан туындайтын қауіп-қатерлерден адамның және азаматтың өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтарының, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі ретінде түсінілуі жаңа жасыл даму жолына көшу кезеңінде оның қолдану аясын шектейді.

Экологиялық қауіпсіздік ұғымын толыққанды теориялық және практикалық жағынан заң ғылымдарының кандидаты М.Ж. Абдраимова терең зерттеген. Ол өзінің зерттеуінде экологиялық қауіпсіздік ұғымы әртүрлі және жан-жақты пікірлердің болуымен сипатталады деп көрсетеді. Оны келесі бағыттар бойынша сипаттайды екен: а) біреулердің экологиялық мүдделерінің қорғалуының жай-күйі; б) экологиялық мүдделердің қорғалуының кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған саяси, құқықтық, экономикалық, технологиялық және өзге де шаралар; в) экологиялық мүдделердің қорғалуын қамтамасыз ету процесі. Бұл бір ұғымды сипаттайтын әртүрлі көзқарастарды білдіреді. Бірінші жағдайда табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуінің қоғамдық қатынастарының статикасы көрсетілсе, екінші және үшінші жағдайда – осы қатынастардың динамикасы көрсетілген. Осы ұғымдардың ішіндегі бірінші ұғым дұрыс сияқты себебі М.Ж. Абдраимова және С.Д. Бекишева статиканы қолдайды және экологиялық қауіпсіздік ретінде қоршаған табиғи ортаға антропогендік және табиғи әсерлер салдарынан туындайтын қауіп-қатерден тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің экологиялық құқықтары мен мүдделерінің қорғалуының жай-күйін қолдайды. Олардың пікірінше, б) және в) тармақтары «экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету» ұғымын ашады [9, 40-41бб.].

Табиғат ресурстарын күннен күнге пайдалану оның бір күні бітуіне алып келеді, сонымен қатар қоршаған ортаға орны толмайтын зиян келтіреді. Осыған ұқсас пікірді заң ғылымдарының докторы, профессор Ж.Х. Қосанов та қолдайды:

«...табиғат ресурстарын пайдалануға байланысты ол объектілердің экологиялық жағдайына және қоршаған ортаға әсерін тигізеді» [10, 346].

Осы пікірді жалғастырып, заң ғылымдарының докторы, профессор Е.Н. Нұрғалиева былай дейді: «...мемлекет бір жағынан қоршаған ортаны қорғау керек, екінші жағынан антропогендік әсер етуден зиян шекпеген қоршаған ортаның бөлігін де қорғау керек» [11].

Сондықтан, қазіргі күні табиғат та жеке және заңды тұлғалар сияқты мемлекетпен қорғалатын құқықтарға ие субъект сияқты тұрғы кеңінен қолдау тауып келеді.

Осы тұрғыны қолдай отырып, В.Е. Борейко былай деп жазды: «Көп жылдар бойы табиғат қана емес, көптеген адамдар категориялары өз құқықтарына ие болмаған: құлдар, негрлер, балалар мен әйелдер. Бірақ, этиканың дамуына байланысты барлық адамдар тең құқықтық болып табылды. Толық әділеттілік болу үшін енді ақырғы қадам жасап – табиғаттың құқықтарын танып адамдарға оны теңеу керек» [12, 226].

Көптеген философиялық және діни дәлелдер бар, барлық тірі ағзалардың құқықтары тең деген. Мысалы, барлық тірі ағзалар тең ішкі дүниесімен сипатталады, осы арқылы оның құқықтары болуын да анықтауға болар еді.

В.Е. Борейко табиғаттың құқықтарына келесі анықтама береді: «табиғат құқығы – бұл мораль және құқықпен қорғалатын табиғат қажеттіліктері, ол моралдық әріптес (субъект) ретінде қаралады» [12, 216.]. Бұл жерде, табиғатты (қоршаған табиғи ортаны) субъект ретінде тану дұрыс емес сияқты, себебі ол оның белгілеріне ие емес, бірақ В.Е. Борейконың пікірінде негізгі жақсы ой бар. Мәселен, ол «жабайы табиғаттың құқығы бар» деп айтқанда оның теориялық және практикалық маңыздылығын көрсетеді.

Осы тұрғыны қолдай келе, заң ғылымдарының докторы С.Д. Бекишева келесі дәлелдерді ұсынады: біріншіден, табиғаттың құқығын тану қорықтардың объект ретінде пайда болу құқығын қорғауға мүмкіндік туғызады, себебі адам осы құқықты қамтамасыз етуге міндетті болады. Сондықтан, экологиялық этика сипатынан алғанда адам және азамат болу – бұл адамдар құқықтарын ғана емес, сонымен қатар, басқа да тірі ағзалар мен экожүйелердің құқықтарын да қорғау. Екіншіден, егер бұрын тірі ағзалар мен

экожүйелер құқықсыз болса, енді табиғатта құқық болғандықтан, оны жай құрту, бұзуға «өлтіруге» тыйым салынады. Үшіншіден, табиғаттың құқықтарын тану біріншіден, ерекше моральдық, кейін қорғаудың құқықтық деңгейін туғызады, ол сотта қылмыстар бойынша табиғаттың құқықтары бұзылғанда адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тартуға мүмкіндік береді [6, 166.].

Шынында да, қоршаған табиғи ортаны шартты түрде құқықтармен қамту оның қорғалуын және қорғауын кепілдендіреді. Жабайы табиғат атынан зиян келтіргені үшін сотқа талап беру практикасы қазіргі күні бар. Мәселен, ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жабайы табиғат атынан олардың қорғаншылары болып табылады.

Осыған қатысты, В.Е. Борейко пікірі қызықты болып келеді, оның пікірінше, табиғат пен тірі ағзалардың заң алдында қорғау құқығын; жер игіліктерінің үлесіне деген өмірге қажетті құқықтарды; адам кесірінен зиянды өтеу құқығын; адам кінәсінен келтіретін тауқыметтен қорғану құқықтарын тану көзделген [12, 226.].

Бұл тұрғыны шетелде белсенді қолдайды. Мысалы, АҚШ-та жануарлар құқығы туралы курс 25 жоғарғы оқу орнында оқытты [12, 216.].

Көптеген ТМД елдерінде жануарларға қатыгездікпен қараудан қорғау заңдары қабылданған, ол жануарлардың құқықтарын заңдастыруға мүмкіндік туғызып отыр. Мысалы, Украинада 2006 жылдың 13 наурызында «Жануарларға қатыгездікпен қараудан қорғау туралы» Заң қабылданған. Украинаның Ұлттық ғылым академиясының президенті академик Б.Е. Патонның айтқан пікірі көңіл бөлерлік, ол «Табиғат құқығы адам құқығы сияқты қолсұғылмауы керек», - деді» [13].

Сондықтан, экологиялық қауіпсіздік анықтамасында адамның және азаматтың өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтарын, қоғам мен мемлекетпен қатар, қоршаған табиғи ортаны қорғау құқығын көрсету керек.

Экологиялық заңнаманы талдай келе, онда қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы нормалар мазмұндалғанын көруге болады, онда субъектілердің табиғатты аялау міндеті көзделгенін көре аламыз, сәйкесінше, құқықтарға міндеттер қарсы тұруы тиіс. Мұндай жағдайда, әртүрлі кері әсерлерден

қоршаған табиғи ортаны қорғауға субъективтік құқық туралы айтуға болады.

Қоршаған табиғи ортаның қорғау құқығын енгізу экологиялық қауіпсіздіктің ұғымын толық етеді, оның дәлелі ретінде ұлттық қауіпсіздік түрлерінен байқауға болады.

Сонымен, келесі тұжырымдар жасауға болады:

1. Экологиялық қауіпсіздіктің келесі ғылыми анықтамасын беруге болады – елдің тұрақты экономикалық дамуы бағытында қоршаған табиғи ортаны сақтау және қалпына келтіру негізінде қоршаған ортаға антропогендік және өзге әсерлер салдарынан туындайтын қауіп-қатерлерден табиғатты, адам және азаматтың өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтарының, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі болып табылады.

2. Экологиялық қауіпсіздік объектілеріне – адам, оның өмірі, құқықтары мен

бостандықтары; қоғам, оның материалдық және рухани құндылықтары; мемлекет жатады.

3. Экологиялық қауіпсіздік анықтамасының мазмұнын ашатын бірнеше тұрғыларды бөлуге болады: осы ұғымды тар мағынада ашатындар, мысалы, қоршаған ортаны қорғауды құрайтындар ретінде; осы ұғымды кең мағынада ашатындар, мәселен, тек қана қоршаған ортаны қорғау арқылы ғана емес, сондай-ақ оны үнемді пайдалану және осындай пайдаланудың сапасын арттыру жолымен ашады; бүкіл экологиялық қауіпсіздік жүйесі тиімді қамтамасыз етуі мемлекеттің негізгі (саяси, әлеуметтік-құқықтық) мақсаттары мен міндеттері ретінде және ұлттық қауіпсіздіктің құраушысы ретінде түсіндіріледі; Бүкіләлемдік қоғамдастықтың және барлық мемлекеттердің өзара ықпалдасу және көмек көрсету негізгі мақсаттары мен міндеттері ретінде түсіндіру арқылы ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды //«Заң» деректер базасы.
- 2 «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы //«Заң» деректер базасы.
- 3 Қаражанов М.Д. Экологиялық қауіпсіздік аясындағы қылмыстық саясат – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізі //«Ғылыми-білім беру кластері – инновациялық индустриализация тренді (жаһандану және әмбебаптық мәселелері) Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, Кайнар (Семей), 6-25 желтоқсан, 2010. Б. 42-46.
- 4 «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы № 1241 Жарлығы Күшін жойған // «Заң» деректер базасы.
- 5 «Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы № 216 Жарлығы. Күшін жойған // «Заң» деректер базасы.
- 6 Бекишева С.Д. Правовые проблемы обеспечения экологической безопасности Республики Казахстан: дис. ... докт. юрид. наук. – Алматы, 2010. – 331 с.
- 7 «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы № 233 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңымен. // «Заң» деректер базасы.
- 8 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 Кодекс. //«Заң» деректер базасы.
- 9 Абдраимова М.Ж. Проблемы правового обеспечения экологической безопасности Республики Казахстан: дис. ... канд. юрид. наук. - Алматы, 2007. – 158 с.
- 10 Косанов Ж.Х. Теоретические проблемы права собственности и иных прав на землю: дис. .. докт. юрид. наук. – Алматы, 2004. – 273 с.
- 11 Нургалиева Е.Н. Некоторые вопросы защиты экологических прав граждан. <http://repository.enu.kz/handle/123456789/3818>
- 12 Борейко В.Е. Этика и менеджмент заповедного дела. – Киев: Киевский эколого-культурный центр, 2005. – 328 с.
- 13 Панорама дня // Зеркало недели. – 2002, октябрь – 5-10. – № 318.

Қаражанов Малик Дулатұлы

Лауазымы: заң факультетінің деканы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Почталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Қабанбай батыр көшесі, 42-80

Ұялы тел.: 87755386017

«Экологиялық қауіпсіздік» ұғымының қалыптасуына Қазақстан Республикасы Конституциясының әсері

Қаражанов Малик Дулатович

Должность: декан юридического факультета, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Кабанбай батыра, 42-80

Сот.тел: 87755386017

Влияние Конституции Республики Казахстан на становление понятия «экологическая безопасность»

Karazhanov Malik Dulatovich

Position: Dean of the Faculty of Law, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Postal address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey city, st. Kabanbai batyr, 42-80

Mob.ph.: 87755386017

The influence of the Constitution of the Republic of Kazakhstan on the formation of the concept of "environmental safety"